

ЕР ТАРҒЫН



СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

 OYAN

ЕР ТАРҒЫН

Ерте заманда Тарғын деген ер болыпты. Елінде кісі өлтіріп қылмысты болып, қырық сан Қырым жұртына кетіпті. Ол уақытта Қырымда қырық мың мешіт, қырық хан бар екен. Қырық ханның үлкені Ақша хан екен.

Тарғын Ақша ханның елінде жүрді. Айдан - ай, жылдан - жыл өтті. Тарғынның батыр екенін ешкім білмеді.

Ол уақытта Қырымның ар жағында бір жау бар еді: Он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт.

Осы екі елді алам деп, Ақша хан талап етіп аттанды. Тарғын ешбір адам жүр демей – ақ қолмен бірге аттанып кетті.

Тарғынның әскермен бірге келе жатқанын тағы ешбір адам көрген жоқ. Әскер торғауытқа барып жетті.

Бұлар барып жеткен соң, торғауыттан шын қағып, дабыл соғып неше мың адам шығып соғыс қылды. Жер жүзіне қан сейіл болды. Ақша хан қамалды бұзып ала алмады.

Тарғын әлі ұрысқа кірген жоқ. Ешбір адам соғысқа кір деп Тарғынға айтқан жоқ.

Ақша хан көп әскерін қырып, торғауытты ала алмай кері қайтпақ болды.

Ақша хан жұртына қайтпақ боп тұрғанда:

Тарғын сынды батырың

Қайтарың жұрттың біледі,

Алладан пәрмен тіледі!

Құйысқанын қыстырып,

Екі айылын берік тартып,
Енді атына мінеді!
Үлкен жақсы құдай деп,
Тоғыз санды торғауыт,
Он санды оймауыт,
Дабыл соғып, шың қағып,
Алдына әскер жүргізіп,
Бұйым болды бұ да деп,
Аллалап батыр шабады.
Жалғыздың жары құдай деп!
Сары ала туы салбырап,
Шабады батыр тебініп,
Жалмауыздай емініп,
Сыртта жүрген әскерге
Қарамайды бұл батыр.
Қатал кірді желігіп!

Тарғын қамалға кірген соң, Ақша ханның әскерлері мұның Тарғын екенін танымаса да: «Біздің Ноғайдың бір батыры той» деп, қамалға Тарғынның артынан әскер де кірді. Қамалды бұзып алып көңілдері ашылып тынды.

Ақша хан қуанып еліне кайтты. Елге келген соң, таранып, тыныштап көңілі хош болған соң, хан тағында отырып үкім қылды:

— Жауды алған батырды тауып маған алып кел! — деді. Тарғын

батырды тауып ханға алып келді. Хан көрісіп:

— Сен кім боласың? — деді.

— Ханымыздың бір биін өлтіріп, жұртқа сыйымсыз болдым... Сіздің қол астыңызға қашып келдім, — деді Тарғын батыр.

— Сен кешегі қамалды бұзған, жауды қырған қайратыңды, тынышыңды алған жұртыңа көрсетпедің бе? — деп хан тағы сұрады.

— Тек, өз жұртымды жылатуды шариғат қоспады, — деп, ертерек жауап қайырды.

Ақша хан Ер Тарғынды әскер басы қойды.

2

Ақша ханның бір қызы бар еді,

Шашын талдап тараған,

Билер мінген бедеудей,

Бауырынан жараған,

Бет ажарын қарасаң,

Жазғы түскен сағымдай;

Ет ажарын қарасаң,

Терісінен айырған,

Арпа, бидай ақ ұндай,

Қас жадайы керілген,

Кірпік оқтай тігілген,

Бел бұралып бүгілген,

Қараған кісі үңілген,

Қолаң шашты, қой көзді!

Ақжүніс атты қыз еді.

Ер Тарғынның батырлығын, ерлігін, қайратын қарауылшы құлдар, даяшылар Ақжүніс сұлуға түсіндіріп айтты.

Ақжүніс бір құлын шақырып алып, қолына мың ділдә ұстатып:

— Ділдәні беріп тіліңді кестім, осында бір Тарғын деген жігіт бар еді. Сол ерді ешбір адамға сездірмей маған шақырып алып кел. Егер де өзіңнен басқа біреу білсе, неше жерден кескілеп өлтіргенімді көр! — дейді Ақжүніс ару. — Кісі жатпастан бұрын менің ашпалы алтын тереземнің тұсына келерсіңдер, — деді тағы қыз.

Құл Тарғынға барып қыздың жарлығын айтып, ерді алтын терезенің алдына алып келіп қойды да, қызға хабар берді. Қыз ерді терезеден үйіне кіргізіп алды: ойнап-күлді, ер қайтпақ болды. Ақжүніс тұрып, Тарғынға:

— Осы біздің, елде, сіздей болмаса да қырық - сан Қырымның мырзасы Жалмамбет дейтін бір жігіт бар еді. Мен сол жігітпен ашына едім. Бұл жігітті, бөтен бір жігіт екен деп, жаңылыста өлтіріп алдым. Соның қысасынан тамақтан, ұйқыдан айырылып жатушы едім... Енді сізбен ойнап күлдім. Сізден бөлек Жалмамбет өлгеннен бері бір адаммен ойнап күлгенім жоқ... Мен шақырғанда келіп тұрыңыз, — деді қыз.

Бұл жарлығыңызды қабыл алдық, — деді де, Ер Тарғын қайтты.

Ақжүніс Ер Тарғынды шақырып алып жүрді... Бірталай заман өтті. Ақжүністі бір ханның баласына айттырам деп бір күні елші келді. Ақша хан күйеуге бара ма екен деп, қызынан сұратып еді. Ақжүніс: «Әкем жауапқа үш күн мұрсат берсін», — деді.

Қыз Тарғынды шақырып алды да:

— Мені бір ханның баласына айттыруға елші келіп жатыр. Әкем мені бермек болып, менен рұқсат сұрапты. Мен хан баласына таңсық емеспін, езімде хан баласымын. Сұлуға таңсық емеспін, өзімде сұлумын.

Кімнің бақыты зор болса, соған барам... Енді мені біреуге қор қылғанша, батыр екенің рас болса, сен мені ал да қаш. Мен саған тием. Сенен басқа ешкімге тимеймін. Көңілім саған ауды, сені сүйдім, — деді.

3

Ер Тарғын Ақша ханның қанатты қара жорғасына Ақжүністі мінгізіп алып қашты.

Үш күн, үш түн өткенде қарауылшы құлдар ханның бір қазысына барып:

— Ханның қызы Ақжүніс сұлу сарайда жоқ. Білмейміз кіммен қашқанын, — деді.

Ақша хан қазыдан хабар алып:

— Қыз жалғыз қашқан жоқ шығар, бір жігітпен қашқан шығар. Жігіттерді түгендендер!, — деді.

Тарғын батыр жоқ болды. Тарғын батыр жоқ деп ханға хабар берді.

Хан ел-жұртты жиды да:

— Мен қызымның ол қырғызбен кеткеніне разы емеспін. Ол қар қызым кетсе керек еді хан баласымен, сүйек қорлап қарамен кетті. Қызымды кім қуып жетіп айырса, сол алсын! Құй бай бол-сын, құй жарлы болсын, құй жас болсын, құй қарт болсын, кім болса сол алсын қуып жетіп өлтірсе, құны жоқ болсын. Тек Тарғыннан айырыңыздар. Өзіңіз алыңыз... Қызыма көңілім қалып өкпеледім, — деді.

Хан мұны айтқан соң, жұрт Ақжүніс пен Тарғынды қуды. Біреу екі атпен, біреу үш атпен. Тапқанын жетелей берді, бір аты болдырса бір атпен қуып жетермін деп ойлады.

Далаға шыққан жұрт жиылып кеңесті:

— Біз мұны қусақ та, қуып жетсек те Ер Тарғын қызды «Ала ғой» деп бізге бермес. Тарғынды біз ала алмаспыз. Қаһары келсе Ер Тарғын қырып та кетер, — дейді де, жұрт қорқып, қумай үйлеріне кері қайтады.

Бірақ алпыс бестегі қарт бір адам қайтпады.

— Мен үйден бір қуам деп шыққан соң, қумай кері қайтқаным да өлім, қуып барып өлгенім де өлім. Қуам. Қазам жетсе өлермін, ал шамам келсе, Ақжүніс сұлуды алармын, — дейді де, қуып береді.

Ер Тарғынның Тарланы пысқырады: Тарлан ат артынан жау келе жатса пысқыратын еді. Ер Тарғын артына қараса, бір жалғыз келе жатыр.

Сонда Тарғын сөйледі,

Сөйлегенде бүй деді:

Ақжүністей жолдасым!

Қолаң шашты, қой көзді,

Әйелде ару сен едің!

Аш арыстан жүректі,

Балуан жолбарыс білекті,

Жігіттің мәртi мен едім!

Құдіреті күшті құдайым,

Сындырмағай белімді,

Тарылтпағай жерімді,

Неңдей жаман білмеймін?!

Арт жағыма қарасам:

Қайнаған Оара бұлттай,

Қайнап біткен болаттай!

Тұлғасына қарасам;

Сайдан шыққан қолаттай,
Қабағы тастай түйілген,
Лашын құстай шүйілген!
Жеңсіз берен киінген,
Жалғыз дара көрінді.
Енді жүрсем қашты дер,
Аруағым менің басты дер,
Менен қорқып састы дер,
Ажалым болса бұл ерден,
Жемей қоймас жебір жер,
Кіргізбей қоймас қазған көр.
Толғана мойнын бұрады,
Ақжүніс пен екеуі аз әңгіме құрады.
Жалғыз қара келгенше
Қашатұғын қатын ба?!
Қасқая қарап тұрады.
Ертеңнен шапса кешке озған,
Ылдидан шапса төске озған.
Томаға көзді қасқа азбан,
Біткен сүйек туланып,
Сауырсын бедеу сылаңдап,

Дауылдай жалы суылдап,
Құйрық құйын шуылдап,
Төстен төмен желеді.
Ақжүніс пен Тарғынды
Көріп көңіл бөледі.
Алпыс бесте жасы бар,
Қорқатұғын ер емес,
Салып жетіп келеді,
Келгенін Тарғын көреді:
Бұ да өзіндей ер еді.
Қарсы алдына қараса,
Алпысты асқан ағасы,
Ақ сақалды бабасы.
Жасы үлкен ағам деп,
Ақ сақалды бабам деп,
Тарғындайын беріңіз
Әлгі келген қартына
Иіліп сәлем береді.
Ал алдына қараса:
Өз омырауы даладай,
Әлпетіне қараса:

Тамнан соққан моладай,
Ердің берген сәлемін
Жақсы құптап қалады.

4

Сонда Тарғын сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Батырсынып жүрмісің
Тамам таудың арасын?
Аруағыңды байқасам,
Қаптаған қара борансың!
Көк бөрідей түйіліп,
Лашын құстай шүйіліп,
Қай сапарға барасың?!»
Сонда қартың сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Аспандағы жұлдызым,
Маңдайдағы құндызым,
Сұлу ашар көркімді,
Қыз да болса шіркінді,
Ақжүністей аруды,
Алып қашып барасың!

Беліме семсер аламын,
Жазығым қарттау болмаса.

Бір тәңірден тілегім
Қазам жетсе өлермін!

Егер қазам жетпесе,

Қасындағы Жүністі

Айырып ала келемін!»

Сонда Тарғын сөйлейді,

Сөйлегенде бүй дейді:

«Асу-асу бел едің,

Асудан соққан жел едің!

Жолдасымды бергендей

Қай батырдан кем едім?!

Менен қызды алғандай,

Өзің қандай, мен қандай?

Айт жөніңді кім едің?»

Сонда қартың сөйлейді,

Сөйлегенде бүй дейді:

«Мен, мен дүрмін, мен дүрмін

Мен де өзіңдей кендірмін.

Менің жөнім сұрасаң?

Қырық сан Қырым елінде
Ал - асыл жүрер белінде,
Арғы атам Ер Күлік;
Өзім әкем Құйанақ,
Құйанақұлы Қартқожақ!
Оза шауып олжа алған,
Таласты жерде жолды алған,
Ортадан ойып жол салған,
Қартқожақ деген ер едім!»
Сонда Тарғын сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді:
«Өзін үлкен данасың,
Ерлігіңнен мінің жоқ!
Ер де болсаң бұл қызды
Не қылып менен аласың?!»
Сонда Қожақ сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді:
«Алда тізгін оңдаса
Көк сүңгіні алармын.
Белде алтын ақ берен
Қызыл қанға малармын!

Тәңір тізгін оңдаса,
Не көрмеген бейбақпын?
Ер де болсаң алармын
Жер жазығы төменде,
Сені қорқақ демен де,
Әуелгі кезек менікі,
Соңғы кезек сенікі,
Қалаған жерден атамын!
Аянбай тұрған ер болсаң.
Кезегінді бер енді?»
Сонда Тарғын сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
Толғап мойнын бұрады
Өңгіме-дүкен құрады.
Жаннан қорқар емес,
Кезек бабай алсын деп,
Қартқожаққа қасқайып,
Қарсы қарай тұрады.
Шошып тізгін жимады.
Буырқанды бұрсанды,
Жау жағадан алған соң,

Беренге батыр сыймады.

Бұл сықылды батырды

Қартқожақтай еріңіз

Атып тастауғы қимады.

Әруақты туған ер жағы

Тарғынды Қожақ сыйлады.

Қартқожақ жалғыз ақ тоқал оқпен атып, Тарғынның қорамсақтағы жүз алпыс кез оғын күл пара қылды.

Тарғын, «Кезегім болды ма?» — деп, қылышын суырып Қожаққа дүрсе қоя берді. Қожақ:

«Токта! Менің кезегім біткен жоқ. Мен сені аяғандықтан өзіңді атпай, оғыңды атып едім, өзімнің, ерлігімді білдірейін деп едім. Егер ақылы болса, менің аяғанымды білер де қызды тастар д.а, жүре берер деп едім. Сен мемін аяғанымды білмедің... Ендеше бар тағы тұр. Енді сені тура атамын!», — деді.

Сонда Тарғын:

«Мұның мұнысы рас екен. Менің өзімді байлап атса таудай ініме, таудай атыма тигізбей ме? Аяғаны рас екен. Мен мұның қадірін білейін», — деді де, қызды тастап жүре берді.

5

Қожақ қыздың қасына келіп еді. Қыз атынан түсті де, киімін бүркеніп жылай берді. Қожақ:

«Сен неге жылайсың? Мені қарт деп жылаймысың? Жә, болмаса жаман деп жылаймысың? Әкеңнің айтқан уәдесі бар: кім қуып жетіп айырса сол өзі алсын деген. Егер де өлтірсе де құны көк деген. Көп жылай берсең, басынды қылышпен кесіп тастап жүре берем... Қартта болсам, мен жек көретін қарт емен! Ешкімнен кем емеспін! Сен бүйтіп жылай бергенше,

түр, жылама! Бетіңді аш! Маған көрсет, бетіңді де, бойың да, қабағың да!
Жараса аламын. Егер де бір жерің жарамаса алмаймын», — деді.

Сонда Ақжүніс толғайды,

Толғағанда бүй дейді:

«Ей, Қартқожақ, Қартқожақ,

Атыңның басын тарт, Қожақ!

Менің немді сұрайсың!

Бұқар барсаң құлан бар,

Қолаңды көр де шашым көр,

Зерге барсаң қасында

Алтыннан соққан түйме бар,

Түймені көр де басым көр!

Молдаға барсаң қасында

Қиюлы жатқан қалам бар,

Қаламды көр де қасым көр!

Иһран барсаң пісте бар,

Пістені көр де мұрным көр!

Әр шаһарға қарасаң

Құрулы тұрған күзгі бар.

Күзгіні көр де көзім көр.

Самарқан барсаң сандал бар,

Сандалды көр де тісім көр.
Ұсталарға барсаң қасында
Тартулы жатқан сымдар бар,
Сымды көр де қолым көр!
Тоғайға барсаң тоғайда
Домаланған қоян бар,
Қоянды көр де жоным көр!
Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де етім көр.
Қар үстіне қан тамар
Қанды көр де бетім көр!
Мен Қырымның ішінде
Ақша ханның қызы едім.
Атам менен анамның
Асыранды қазы едім.
Қойда бағлан қозы едім,
Жылқыда шаңқан бозы едім.
Қытай менен Қырымнан
Тамам жақсы жиылса,
Аузындағы сөзі едім.
Менің немді сұрайсың?

Бұл бір уақыт болғанда,
Бұл заманның шағында,
Жылап тұрған кезім бар;
Өксіп тұрған жаным бар;
Әуре болған басым бар;
Алғанымнан айырма!
Мені өзіңе қайырма!
Батыр Қожақпын десең;
Біз сықылды бейшара
Жылап тілек еткен соң,
Тілекті бермес болар ма?!
Сіз сықылды асылдар!
Бес жасында Қартқожақ
Жас шыбықтан жай тарттың,
Жалғыз шидан оқ аттың.
Атқан оғың жоғалттың,
Кәне шыққан мүйізің?!
Он жасқа келгенде;
Қызыл-жасыл киініп,
Қыз балықтай көрініп,
Бала болдың бір кезде,

Кәне шыққан мүйізің?!

Жиырма беске келгенде:

Ақ балтырың түрініп,

Оймақтай аузың бүріліп,

Қарт бурадай шамданып,

Қасбатырдай қамданып,

Дұшпаның сөз айтса,

Шыныменен арланып,

Қызды бақтың бір кезде,

Кәне шыққан мүйізің?!

Отыз беске келгенде:

Қоңыраулы найза қолға алдың,

Қоңыр салқын төсті алдың,

Жауды көрсен шүйілдің,

Жеңсіз берен киіндің,

Көк серке атты борбайлап,

Қамалды бұздың айғайлап,

Кәне шыққан мүйізің?!

Қырық беске келгенде:

Қырым деген шаһардың

Жел жағына панасың,

Жау жағына қаласың,
Қырдан кию төгілсе,
Еділге таман үңілсе,
Мың кісіге бір өзін,
Шошынбай жалғыз барасың!
Кәне шыққан мүйізің?!
Елу беске келгенде:
Топқа бардың бой түзеп,
Билік сұрадың бір кезек,
Қане шыққан мүйізің?!
Алпыс беске келгенде:
Сақал-мұртың қуарып,
Бойға біткен тамырдың
Бәрі бірдей суалып,
Алайын деп тұрмысың?
Мені көріп қуанып!
Өлтірсең де тимеймін.
Текке берсең сүймеймін;
Бұрын батыр болсаң да,
Сенін басың бұл күнде
Жерде жатқан қу тезек!»

Қожақ Ақжүністі сүйгеніне қосайын деді де, Ер Тарғынға қосты да «Барыңыз! Менен озған дәурен екеуіңізге құтты болсын», — деді.

6

Ер Тарғын Ақжүністі алып, Еділдегі Орманбеттегі он сан ноғайлыға барады. Он сан ноғайлының он ханы бар еді. Сол он ханның ішінде бір Ханзада деген хан бар еді. Ханзада ханның қол астындағы бір бидің үйіне келіп, Ер Тарғын мен Ақжүніс қонды,

— Сіздің асылыңыз кімнен? - деді.

Ер Тарғын:

— Біздің асылымыз қырғыздан, асылым қырғыздан болса да, қырым жұртына жақынбыз, — деді.

Би:

— Олай болса, атыңыз кім? — деді.

— Менің атым ЕрТарғын, — деді.

— Қасындағы жолдасың кім? — деді.

— Жолдасым Ақша ханның қызы Ақжүніс сұлу, — деді.

— Ақша ханың қызы Ақжүніс сұлу бұл болса, сапарға шығып жүргені қалай?, — деді.

— Мен алып қашып жүрмін, — деді.

— Ақжүністей сұлуды алып қашып жүретін сен қай Тарғынсың?, - деді.

— Торғауыттың қамалын бұзған Тарғынмын, — деді.

Би Тарғынды қатты сыйлады. Ханзадаға барып мәлім қылды. Ханзада хан

—Тарғынды, Ақжүністі шақырып бір алтын сарайға кіргіз!. — деді.

Биге:

— Тарғын он бес күн қонақ болып тыныққан соң елін сағынар, дертті болар, іші шерлі болар. Батыр Тарғынға менің қол астымдағы билерді, батырларды, шораларды аралатып үйір қыл. Аралатып болып, Ақжүністің қасына алып кел. Сонда өз елін сағынбас, — деді.

Би ханның айтқанын орындап, Ер Тарғынға елін аралатып, билер, батырлар, шоралармен таныстырды.

Бір күні жақсылар жиылып Ханзада ханға келді:

— Тарғын батырды Шаған суының бойындағы қалмаққа жұмсалық, қалмақты Шағаннан қуып, бізге жерін тартып әперсін, - деді.

Ханзада хан Ер Тарғынды шақырып алып: Сен өз жұртыңнан қашып Қырым бардың. Ақша ханға Торғауытты алып бердің. Мынау Еділден шыққан Шаған дейтін судың бойында қыл жалаулы көп қалмақты ығыстырып, жерін бізге тартып алып бер», — деді.

Бәле, бас тақсыр! Жарар! Менің қасыма үш кісі жолдас беріңіз! — деді Ер Тарғын.

Кімдерді аларсың? — деді хан.

Бізге беріңіз; Қарасайұлы Көбенді, Алшағырұлы Тегенді, Омарұлы Себенді. Осы үшеуімен барып қарармыз. Жалғыз жері қалмас, — деді Ер Тарғын.

Ер Тарғын жолдастарымен қалмақты Шағанның басынан бостырды.

Ер Тарғынның басында белден асырды. Қонысын адыра қалдырды. Ер Тарғын қарауыл қараймын деп белдің үстіндегі жалғыз емен ағашқа барып, басына шықты. Көлденең бұтаққа атша мініп еді шірік бұтақ сынып, ерді ала жерге түсті. Ер Тарғынның бел омыртқасы буынынын шығып кетті. Батыр мертікті.

Ер Тарғынды жолдастары найзаға салып, Ханзада ханға екі айда алып келді.

Қанша бақса да Ер Тарғын жазылмады, жатқан орнынан тұрмады. Ханзада ханның елі алты бұтақты Бұлғыр тауды жайлайтын еді. Бұлғыр таудан екі көшіп Ханзада ханның елі баяғы қалмақтың жайлауы Шағанға барып қонды.

Ер Тарғынның бойына барып қонған соң, қайтып келіп аламыз деп алты-жеті күндік азық беріп, Ер Тарғынды, Ақжүністі, тарлан атты жұртына тастап кетті.

Тамақ таусылды, елден кісі келмеді. Арқандаулы Тарлан атты бағатын кісі жоқ. Ер Тарғын мен Ақжүніс аштан өлердей болды. Ер Тарғын қапаланды: елі, жұрты, туған жері есіне түсіп Ер Тарғын жылады да толғады:

Бұлғыр, Бұлғыр, Бұлғыртау!

Бұлдырап тұрған қоңыр тау!

Қаптай қонар елім жоқ.

Елім - күнім кәрі боз,

Сөйлесетін тілің жоқ.

Ел таптырар ма екенсің?

Арысаң да жануар

Көрсетер едің бір қара,

Саған мінер белім жоқ!

Бұл шамаға келгенде,

Ажалым аштан болды ма?

Ауызда жерге жемім жоқ.

Егер өлсем бұл жерде,

Сүйек ұстар теңім жоқ
Көк шалғынның үстінде
Көгеріп келіп жатырмын.
Үстіме киер кебін жоқ.
Еңіреп жүрген ер едім,
Қаптаған қара борандай,
Өткенің бе дүние бок!
Ащылы тоғай ала бас,
Ақ сара алдым Бозағаш,
Алтынды сарай қара шаш!
Ала бастан боран бораса,
Боз ағаштан боран борамас!
Тұлпар туған тарланым,
Телміріп қиқу таянса,
Қара терге боялса,
Найза бойы жер келсе,
Жайы дайын жалтаңдап,
Түсер жерін қарамас,
Қара да өткен дүние-ай!
Аяғына айдай таға қақтырып,
Еділдің күз қатқан кексе мұзындай,

Сауып кетсем таямас!
Қарындас кімде бар болса,
Жамандық жер кез келсе,
Шыбын жанын аямас!
Жанның жаман болмағы;
Жамандық жер кез келсе,
Ат сауырсын бір берсе,
Қайрылуға жарамас!
Шаған бойын шандатып,
Кеше кеткен ит ноғай,
Жұртына тірі тастап кеткені,
Есімнен қалмас бұл еткені.
Ақжүністей аруым!
Болғаны ма мұның да,
Ит тигендей арам ас!
Көп көгершін, көгершін,
Кептер ұшар жем үшін.
Баданамды баса бөктеріп,
Жатқан жолдас қасыма ертіп
Күн-түн қатып жортқан мен.
Атаңа некес қалмақтың

Жайлау, қыстау жер үшін
Тартып алып қалмақтан
Еділ шыққан ен Шаған
Беріп едім ноғайға,
Арыстан туған ер үшін!
Атаңа нәлет ноғай - ай!
Елемеді өзімді,
Сыйламады сөзімді.
Жаудыратып көзімді,
Тастап кетті жұртына,
Бір мертiккен бел үшін!
Қапада өткен дүние-ай!
Тарғын, Тарғын! дейтұғын
Қолынан сарқыт жейтұғын,
Жамандық жер кез келсе
Қайырылмай кетпен дейтұғын,
Қарасайұлы Көбенді,
Алшағырұлы Себенді,
Бiрге жортқан жолдасым
Пейiлi жаман оңбасын.
Осындай киын жерлерде

Келмей кетті не үшін?

Аю кеннің ауыр қолы

Алты күндей атысып,

Бәрін бірдей қырғанда,

Саяз шығып тұрғанда,

Балалы марал келгенде,

Қоянақ ұлы Қартқожақ

Баласын байлап атқанда,

Атқанға жығылмай баласы

Ақсай басып өткенде,

Біздің деңге жеткенде,

Тарғын созып тартқанда,

Қос сауырынан өткенде,

Иек сүйей жатқанда,

Қырық жігіт қасымдағы

Суыра алмады оғымды.

Тасқа кірген тарлықта,

Қапыда да өткен дүние-ай!

Басымнан дәулет құсы ұшты ма?

Қайғысы белдің мұндай қысты ма?

Ішім оттай жанады,

Жалыны жүрек шалады!
Бұл істерді айтқанда
Дін кәпірге болмаған,
Оған тиген оңбаған!
Арнау деген аз қала,
Алпыс атын бақтырған,
Аға-інісін жақтырған.
Ақсебеннің баласы
Ақжайлауды жуыттың
Атын алған мен едім.
Сол сапардан қайтқанда
Балта бердім тал үшін
Талды кестім сал үшін.
Айналасы алты айшылық Еділге
Ат тарланды талай-талай салғамын!
Еділдің арғы жағында
Атана нәлет қалмақтың
Сыңсып жатқан малы үшін,
Аттанбадым олжа үшін,
Аттанғанмын кәпірге
Ата-бабам ежелден

Ескі кегі бар үшін!
Қолаң шашты қой көзді,
Қастауыс қасты Ақжүніс,
Айттым құдай жолына!
Кеше ноғай жұртына
Мені тастап кеткенде
Көкіректегі жан үшін!
Айналайын тарланым!
Билер мінген бедеуге
Сен тұрғанда бармадым.
Қырдан қиқу төгілсе,
Еділге таман үңілсе,
Жалғыз-ақ сені қармадым
Қиялай қиқу болғанда,
Қара тұман толғанда,
Сенімен еді дәрменім!
Мінбей - түспей қажыдың,
Арқанда тұрып арының!
Алдыңа келіп бітсейші
Қамысты көлдің құрағы!
Суаратын балам жоқ!

Тәңірі қылды шарам жоқ!

Маңдайыңнан ақшасы

Қырғыз Қара тау бұлағы!

Қаламдай қасы сүрілген,

Оймақтай аузы бүрілген

Ақжүністей арудың

Алғанынан айырылып

Сөнгені ме шырағы?

Күшті құдірет құдайым

Ақжүністей арудың

Көз алдымда көлбектеп,

Аштығынан еңбектеп,

Көзіме менің көрсетпей

Алдына кеп өлсеші

Киіктің жеті лағы!

Менің бүйтіп жатқаным,

Өз жерімнің жырағы!

Еңірей-еңірей кетейін

Қырымда қалған ерлердің

Есіткей тағы құлағы!

Сол батырлар келмесе,

Жайымды солар білмесе,
Кеткен жақтап қайырылып,
Екеумізге кім келсін?!
Атам қалды дейтұғын,
Өзімнен туған балам жоқ.
Балам қалды дейтұғын,
Атам менен анам жоқ.
Бауырым қалды дейтұғын
Ағам менен інім жоқ.
Белімнен басқа жарам жоқ.
Ауызға жерге асым жоқ.
Біреу қайырылып келмеді.
Не болғанын білмейді,
Ер Тарғынды көрмейді,
Атаңа нәлет ақсүйек!
Ойлап-ойлап қарасам,
Ханзада ханнан сараң жоқ!
Асыл туған Ақжүніс!
Кекті бұлт құрсайды,
Күнді байқай қарасам,
Күн жауарға ұқсайды.

Айды байқай қарасам,
Айды бұлт құрсайды,
Түн жауарға ұқсайды.
Көгілдірін еріткен
Көлде қулар шулайды!
Шулағанға қарасам,
Кеткен сұңқар сұйылып,
Соғылғанға ұқсайды.
Бойды байқай қарасам,
Қол-аяғым көсіліп,
Ауыз - мұрным ісініп,
Алланың ақ бұйрығы
Таянғанға ұқсайды.
Көктен бұлт сөгілсе,
Кептеп болмас не пайда?!
Көкте жұлдыз сырыса,
Септеп болмас не пайда?!
Көлденең тұр тұлпарым,
Шабысыңнан маған не пайда?!
Көріп алған көрікті ең,
Тандап алған текті ең,

Маған тидің не пайда?!
Алладан әмір болған соң,
Мезгілі жаз болған соң,
Көремісің жатқанын
Арыстаныңның бір сайда?!
Қолаң шашты, қой көзді,
Алшаңдаған аруым!
Ажарың салма көзіме,
Раушан нұрың көргенде,
Өлейін деп жатсам да,
Қай - қайдағың құрсайды.
Мінбей - түспей қажыдың,
Арқанда тұрып арыдың
Айналайын тарланым,
Билер мінген бедеуді
Безек басқан аяғың!
Құлын емдің сен, тай емдің;
Құнан жаста арда емдің,
Дөнен жаста үйреттім,
Алғы қабат ала арқан,
Жібектен өріп сүйреттім!

Бесті жасыңа келгенде,
Бие қызығын көрсін деп.
Бес бедеуге алдырдым!
Алты жаста ақтаттым,
Алшақтаттым аунаттым,
Арпа-бидай асаттым;
Жеті жасқа келгенде,
Жер дүңкілдей желгенде,
Дұшпан көзі қорықты!
Қандай қатып қинайды,
Таудан асқан тұлпарым,
Иен Тарғын өлгенде,
От орныңдай тұяқтым,
Омыртқаң бар оқтаудай!
Мен жауырыныңа қарасам:
Сыпыра шапқан тақтайдай!
Құйрығыңа болайын:
Қынаптан шыққан қанжардай
Жалыңа сенін болайын:
Күлтелеген жібектей!
Шықшытыңа болайын:

Оралып жатқан көбектей!

Құлағыңа болайын:

Көлге біткен құрақтай!

Қабағыңа болайын;

Қара албасты қабақтай!

Бауыздау жеріңе болайын;

Піскен алма сабақтай!

Екі көзіңе болайын;

Жаққан қорқыт шырақтай!

Танауыңа болайын;

Түбін алған шелектей!

Омырауыңа болайын;

Шыққан Еділ аңқадай!

Телміріп қиқу келгенде,

Шұбар туды шұлғанып,

Қара терге бұлғанып,

Ақ сүңгіні қолға алып,

Мінер ме еді заңардай!

Жауырыныңа болайын;

Саны қара көмірдей!

Сүбелік жеріңе болайын:

Тастан соққан қорғандай!

Жамбасыңа болайын;

Ұста соққан сабдалдай!

Қартайғанша мінбедім!

Өлгенше дәуір сүрмедім!

Ойлап келіп қарасам:

Жігіттегі мен бейбақ

Болғаным ба сормаңдай!..

8

Ақжүніс Тарғын өлсе, көңілі маған қош болсын деді де толғады.

Арыстанымның барында

Оқалы байпақ кигенім,

Оқасын жерге төгілтіп!

Әлденеден зарыдың

Асыл туған арыстан?

Ерің жанынан түңілді

Атасы басқа жан ру

Жаман екен дүние-ай!

Тастап кетті жұртына

Екі бірдей асылды,

Асыл шыққан нәсілді!

Екеумізді түңілтiп!
Қопа жақтай көшкенде
Қатар-қатар қара нар
Көш болып қашан түзелер
Қыл жалаулы қалмақтан
Дүркін-дүркін қуалап,
Келiп тұрған көп жылқы,
Қашан келiп күйзелер?
Байлаудағы ақ сұңқар
Бұрынғыдай бола алмас,
Көлден үйрек ала алмас!
Күндердiң - күнi болғанда
Кетпек болсаң алғаным?
Кетем деп шыныңды айт!
Артында қап нетейiн?
Кетiп сен, мен қалсам,
Артында қап бейбағың
Құрсау шелек қолға алып,
Қай шәһарда тiленер?!
Сүйiп мiнген тарланың
Басын көкке қаратып,

Бауырынан жаратып,
Жерден ұшқан тозаңын
Жауған кардай боратып,
Аса соққан боранды
Жер түбіне желген ер!
Некес - ата кәпірдің
Мәстегін ап келген ер!
Бақыра ойнар ақ теңіз,
Қанша терең болса да,
Сіз өтейін дегенде,
Мәлім өткен болған ер!
Шыныменен тілесен
Қайда кетті тілегің?
Тәңір тілек берген ер!
Баданаңды бөктеріп
Жаттан жолдасты ертіп,
Еділ, Жайық екі су,
Ерінбей жортып дүние!
Басы - аяғы көрген жер!
Ерлігінде жаман жоқ,
Ағаштан бел мертігіп,

Жаман қара құлдарша,
Қорлық пенен өлген ер!
Қай батырдан кем едің?
Өлер де болдың қара жер!

9

«Мені жұрт ағаштан жығылып өлді демес, Шаған бойындағы көп қалмақты асырамын деп, жаудан өлді дер», — деп, Ер Тарғын ойлайды екен:

«Қатыным бұлай деген соң, басқа жұрт мені ағаштан жығылып өлді деп, ойлап тұрсам: мұным бек ұят екен», — деп Ер Тарғын қорланды.

Бұрын елшілерге белін қаратқанда белін бастырмайтын еді. Ашуланып:

«Бүйтіп жатқанша, бір жолата өлейін!», — деп, Ер Тарғын белін қолмен басып қалғанда бел омыртқасы сырт етіп орнына түсіп кетті.

Алты құлаш белбеумен
Алып белін орады,
Құдайдан медет сұрады,
Баба жәрдем болғай деп,
Таяна барып тұрады!
Ақжүніске сөйледі;
«Берер тәңірім тілекті,
Қуантар бұл сүйекті!
Әпкел, Жүніс, Тарланды!»
Алып келді Ақжүніс,

Құбыла басып Тарланды

Айуан бұ да зарланды.

Алып келді ер салды,

Оңдалмаған не қалды?!

Тарлан атқа екеуі мінгесті. Ақжүніске бар қару-жарағын асындырды. Ақжүністі алдына мінгізіп, өзі артына мініп, Ақжүністен ұстап:

Кешегі жұртына тастап кететін ноғайлының еліне қарай жүр! - деді.

Жүрді.

Бір уақыт болғанда

Боз тарланы пысқырды;

Пысқырғанменен қоймады,

Жаңа жерді тебінді,

Айуан бүйтіп не білді?

Сонда Тарғын

- Ақжүніс, бұл Тарлан қашаннан бергі жолдасым, айуан да болса, Тарланның сыры маған мәлім: Тарлан артынан біреу келе жатса пысқыратын, егер де алқынып терге малынатын болса, жер тебетін. Бұл екі әрекетін бірдей қылды. Жан-жаққа қарашы біреу келе жатпасын? Мен бұрылып қарауға әлім келмейді. Менің науқас әлім бар. Біз бүйтіп келе жатқанда жау келіп әуре - беймаза етіп жүрмесін!, — деді.

Ақжүніс олай-бұлай қарады да:

- Еш нәрсе көрінбейді, бірақ алдыңғы жағымызда бір-екі қара көрінеді, — деді.

Сонда Тарғын сөйлейді:

«Ақ тағала құдайым!

Ақ тарыдай ақтарып.

Шешіп жаздың белімді!

Белім түсіп орнына

Тағы іздедім кешегі

Тастап кеткен елімді,

Елдің шеті бола ма?

Емескі екі қара көрінді,

Сен Тарланым пысқырма!

Таудан үлкен күш қылма!

Көрінген қара ел болып,

Еңкерістен жау қапса да

Бір шығарармын терінді!

Кімге сені қинаймын?

Жалғыз омыртқам мертігіп

Жалғыздығым білінді,

Ару саған ұнаса:

Кел табайын жөнімді.

Ер Тарғын аттың басын тартып тұрды, сонда Ақжүніс тұрып:

«Бұлай етпеңіз, беліңнің жазылғанын білдіріп, тастап кеткен ноғайлы ішіне барып, хан халқына көрініп жақсыларына ой салып, жамандарын қорқытып, қайтыңыз. Егерде бармай қайтып кетсеңіз, қырым халқынан

Ақша ханның қол астынан бір Тарғын деген батыр келіп, бір омыртқасы сынған соң, қарға-құзғынға жем болып, Бқлғыр таудың құлағында өліп калды дер», — деді.

Тарғын:

— Ендеше жүр,— деді.

Екеуі ел шетіне келіп түсті. Елге бармады. Бұларды малшы - қосшы көрді де, таныды да елге шауып барып хабар берді: «Тарғын келді!» — деп.

Ел биге, би ханға шапты. «Тарғын батыр ел шетіне келіп түсті!» — десті.

Кешегі Ер Тарғын Шаған бойынан қуып шығарған көп қалмақ келіп, Ханзада ханның бір сұлу қызы бар еді. Сол қызды бер, болмаса еліңді шабамын деп тұр екен.

Ер Тарғын келді дегенді естіген соң, хан, халқы, билері, мырзалары жиылып барып көрісті. Отырысты.

«Айыпқа бұйырмаңыз! Біз бара алмадық».

«Елімізге жау келіп қамап жатыр, өзіміз бек қайғыда болдық. Өзіңіз аман-есен келдіңіз бе»? — десті.

«Аллаға шүкір келдім», — деді Ер Тарғын.

«Бұл жауды әуелгідей барып қуып, бізді жаудан бостан қыл»,— деді хан.

«Менің әзір жауға шабатын қуатым жоқ. Жау қашатын айланы мен сіздерге үйретейін. Өздерің барыңдар. Менің үйреткен айламды қылсаңдар, өздеріңнен де жау қашар», — деді Ер Тарғын.

«Шабуға әліңіз жоқ болса үйретіңіз!» — деді хан.

Сонда Тарғын үйретті,

Үйретерде сөйледі:

«Ауан, ауан, ауан су,
Ауадан балық жүзген су,
Қара қабан қанды су,
Туған бұған жанды су
Су өзен жымар данды су;
Су болғалы екеуі
Кәпір менен мұсылман
Ерлер менен даулы су!
Даулы жерде тұрмаймын,
Мен кетемін, кетемін!
Ай далаға кетпеймін!
Айналып Еділ өтпеймін
Қадыр білмес сен итке
Қарашы болып нетемін?!
Иірім жол суларға
Иірілген сабақ не табар?
Қайымы жоқ сұлтанға
Ерген нөкер не табар?
Талапты туған жігітке
Тәңір қайғы бермесін!
Алтыннан соққан кеудесі

Ат басын да жер табар!

Жебір сұлтан білмейсің!

Еділден кеткен ер жігіт
Алғы құқба жөнінде
Тәңірі жөнін берген соң,
Тарлан мініп жөн табар!
Мінбей - түспей қарғыған,
Тұрып арқан арыған,
Тарлан жауға мінілмес!
Мінілсе де бұл тарлан
Бұрынғыдай жүгірмес!
Қалған белім үзіліп,
Алтын балдақ ақ болат
Енді белге ілінбес!
Ерлік жауға білінбес!
Шығыршығы шираған
Көзді бада көруге,
Шәр енісі бес қабат
Жау қарғыса жетпеген,
Жез айыр оғы жетпеген,
Сатуға басын сұраған,
Сан ділдаға бітпеген,

Енді маған киілмес!

Батыр жауға қиылмас!

Неге десең сұлтаным?

Қайтып қалған күнім бар,

Шілде түспей жібімес!

Жебір сұлтан білмейсің!

Аңқау туған бөрі мен

Саған иек сүйеймін!

Несібе тәңірден көремін,

Бұл барғаннан барамын,

Қырымда қалған қырық құрдас,

Қырық қасқа алармын!

Жұртыңа бүлік салармын!»

Мұны айтып болып:

«Жаудың қашатын айласы осы кез! Көзіме көрінбе» — деді Ер Тарғын.

Хан, халық қорықты. Ханзада хан:

«Олай болса, зәріңізден қайтыңыз; бұлдыр тауға сені жалғыз тастап кеткендігімнің ұятына Ақжүністің үстіне саған жалғыз қызымды берейін! Жұртымның саған бармаған айыбы үшін қолыңды бер!», — деді де қолын алды.

Сонан соң Ер Тарғын райынан қайтып, Ханзада ханның ордасына келді. Бірнеше күнде белі жазылды.

Қалмақ Ер Тарғын келгенін білмеді, қызын бермеген соң, атқа мініп

ханның елін шаппақ болып, дабылдарын соғып ханның үстіне келді.

Жау келгенін білген соң,
Бұл әскерді көрген соң,
Сары ала туы салбырап,
Сауыттың шашақтары
Тұс-тұсына саудырап,
Қабағынан қар жауып,
Кірпігіне мұз тоңып;
Жауырыны жазық мойны ұзын,
Атарына қолы ұзын;
Құланды қақтан қайырған;
Ертеңнен салса кешке озған,
Ылдидан салса төске озған,
Өз-өзінен зарлаған,
Басын тартса болмаған;
Көк айыл болып көпірсе,
Алты басып аттауға
Айшылықты ойланған;
Артынан қиқу таянса,
Қара терге бой алса,
Домбауыл көрсе қарғыған,

Қарғи барып атқыған,
Атқып барып тік түскен,
Аяғының дүбірімен
Казандай тасқа жік түскен,
Томар көзді Тарланды
Жауған қардай бейініп,
Жалмауыздай емініп,
Толып жатқан әскерге
Келді Тарғын желігіп!
Алты құлаш ала атпен,
Үсті толған болатпен,
Сайдан шықты болатпен!
Көңілін тоқсан бөледі,
Бұл айтулы ер еді,
Келе жатқан Тарғынды
Сонадан байқап көреді.
Қалмақтағы болмаған
Домбауыл бір жайсаң
Жекпе-жекке Тарғынға
Соғысуға келеді.
Келе қалмақ сөйледі,

Сөйлегенде бүй деді:

«Алайын десем оңайсын,

Атайын десем толғайсың,

Айтшы маған жөніңді

Неғып жүрген ноғайсың?!»

Сонда Тарғын сөйледі,

Сөйлегенде бүй деді:

«Асу-асу бел дейді,

Аса бір соққан жел дейді,

Сүт жөнімді айтайын:

Әкең Тарғын мен дейді,

Іздегенім сен дейді.

Еркек қара қарғадай,

Қоғаңдаған өлім құл,

Мен бір жүрген ер дейді.

Қағысқалы кел дейді».

Домбауыл сонда сөйлейді,

Сөйлегенде бүй дейді:

«Асу-асу бел дейді,

Соққан аса жел дейді,

Қарсы алдыңа қарасам;

Жасың кіші жас ұлсың!
Кезегімді бер»,— дейді.
Тарланға мойнын бұрады,
Алладан пәрмен сұрады,
Қашатұғын қатын ба?
«Кезегім бер» деген соң,
Қасқайып қарап тұрады.
Атаңа нәлет ит қалмақ
Қорамсаққа қол салды,
Суырып алған қу жебе
Көп оғына жол салды.
Кезегендей қалады,
Созақандай алады:
Тарлан аттың басы деп,
Алтынды ердің қасы деп,
Қақ жүректің басы деп,
Өлер жері осы деп,
Толғап тұрған Тарғынды
Толғап атып салды.
Кірістен шығып кетеді.
Тарғынға таман жетеді.

Тоғыз қабат торғауыт,
Сегізінен өтеді.
Жыртыла жаздап сауыттың,
Қатарланған жағасы,
Қабыл еді Ер Тарғынның
Ажал бермен тәубәсі.
Өтер еді мұнан да,
Жібермеді бұл оқты
Сеніп жүрген Тарғынның
Жетінші бабасы.
Сонда Тарғын сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
«Нәкес Ата, ит Домбауыл!
Атың мінген күймелі,
Ақ сауытын түймелі;
Кесе алмасам қарымнан,
Айырылмасам барымнан!
Қасқайып қарсы түр солай.
Мен тартқан соң көрсетпен
Бәлем саған дүниені!».
Желігіп келген Ер Тарғын

«Алла!» деді, ақырды,
Аруағын судай сапырды,
«Иә, бабам!» дей берді,
Жарандар қамын жей берді.
Қорамсаққа қол салды,
Бір салған жоқ мол салды.
Кезегендей қалады,
Соза қандай алады;
Аласа аттың басы деп,
Қалмақ ердің қасы деп,
Қақ жүректің басы деп,
Өлер жері осы деп,
Толықсып келген қалмақты,
Толғап Тарғын қалады.
Зырқырап оғы кетеді,
Қалмаққа таман жетеді,
Көкірек қашқан көбеден,
Қылмады қабыл жебеден
Зорлауменен өтеді,
Бұған токтар қайрат па?
Мұнан да өтіп кетеді,

Бір төбеге жетеді,
Төңкеріп тастай кетеді.
Атқан оғын көрген соң,
Мықтылығын білген соң,
Аттанып келген әскердің
Көңіліне қайғы бітеді.
Оқ тоқтаған кезеңде
Домбауыл барып құлады.
Туып қолдан орады:
«Лалай-лама лұқ!» деп,
Бәлем қалмақ сұлады.

11

Толып жатқан кеп қалмақ
Атына өпшін жабады, —
Ары-бері кеңесіп,
Ақыл-айла табады.
Тарғындайын батырды
Тұрған жерде қамады.
Қамағанын білген соң,
Сонда Тарғын сөйледі,
Сөйлегенде бүй дейді:

Олайым да бұлайым
Көтере көрші құдайым!
Алты мыңдай ауыр қол!
Өзіңнен медет болмаса,
Бұған не амал қылайын?
Жаман-жақсы болмаса,
Алла әмірі осылай:
Қорлық берді жасыма,
Жақындап келді қасыма,
Не ғып оған шыдайын?!
Алты қырлы ақ мылтық
Ата алмасам маған серт!
Қозы жауырын қу жебе,
Ойған алтын алпыс кез
Тартатұғын шақ болды.
Қиғаш салып жауырыным
Тарта алмасам маған серт!
Бермен талай жұмсаған,
Қан кермесе сусаған,
Тауға салса, тас кескен,
Кеудеге салсам бас кескен,

Алты қарыс ақ болат
Қынаптан лып суырып
Жаба алмасам маған серт!
Қанға тойсаң саған серт!
Айдаһардың тіліндей,
Салсам, кеткен білінбей,
Қарағайға саптатып,
Шұбар туға жалғаған,
Аруаққа көрсетіп,
Талай жауға мақтаған,
Жау ішінде жалынып,
Толғамасам маған серт!
Толғауыма шыдамай
Толықсысаң саған серт!
Қысқа бақай, тар мықын,
Кебеже қарын қу құрсақ,
Қылша мойын төңірек,
Ұмтыла шапқан Тарланым,
Алты мыңдай кісі екен,
Тіл жіберсең саған серт!
Сен желігіп жүргенде,

Тая шапсам маған серт!
Тауса шапса бұл жауды,
Бітер тарлан бәйгісі!
Осындай жауды көрген соң,
Жау екенін білген соң,
Кегеленіп кірген соң,
Қаса қатын болмаса,
Бізге ұқсаған ерлердің
Жүрегінде бола ма?
Қайран тәңірім, қайғысы?!
Алтыннан соққан кісесі
Әжептәуір мүшелі».
Бұлайша толғап Ер Тарғын
Енді аттан түседі.
Қысқартты кеп құйысқан,
Өзінде жоқ Тарғынның
Алладан басқа туысқан,
Мұндай - мұндай жауларда
Неше дүркін жұлыған!
Жауысқан жаудың жүрегі
Мұз құйғандай суысқан!

Тартты бекем айылын
Жасынан көрген қайырын
Білмесеңіз Тарғынның
Білдірейін зайырын!
Шабайын деп батыр тұр,
Қырылуға кәпір тұр,
Алла берсін қайырын,
Мінді батыр еріне,
Іздеген жауға көріне,
Келген қалмақ жолықты
Тарғын сынды бөріге,
Кеудеден жан кетпесе.
Әл-қуаты бітпесе,
Тарғын намыс бере ме?
Ақыл-айла табады,
Келді қалмақ қамады.
Сары ала туы салбырап,
Қабағы тастай түйіліп,
Аллалап Тарғын шабады.
Ай бетінен кіреді
Күн бетінен шығады,

Қойға кірді бір бөрі
Үркітеді, қырады.
Талай қалмақ құлады,
Ер қайратын сынады,
Тарлан атты бұлады,
Атысқан жау артық көп.
Қай уақытта тынады.
Сүйіп мінген Тарланға
Басты келіп дүрілді!
Талай қалмақ жиынды,
Қару қанға тойылды.
Бір уақыт болғанда
Салды келіп қамшыны - ай!
Сауырынан тер кетті,
Көктен құйған тамшыдай;
Қысылды - ау батыр қысылды!
Қысылмай батыр не қылсын?
Сауытын қанға малшынды.
Бір уақыт болғанда:
Толғады батыр найзаны,
Жалғыз жаумен ойнады,

Жауды еркіне қоймады,
Көтеріп салған көк сүңгі
Тіріде қанға тоймады.
Бір уақыт болғанда:
Суырды белден қанжарды,
Жауға таман әл барды.
Қалмақ көбі жалбарды,
Жалбарлыны сермеді:
Іліндірді сағақтан,
Бауыздады тамақтан.
Қарсы алдына қараса,
Адам шыдар ер емес.
Қар жаудырды қабақтан!
Бір уақыт болғанда:
Қынабынан суырды
Қиялай тартып қылышты!
Жалғыз жаумен ұрысты,
Жау қарасын көрген соң,
Ұмтылмай кетер ер ме еді?
Ер арқасы құрысты.
Алты күн айқай салғанда,

Жетінші күн болғанда,
Тарлан сонда түзеді,
Жылмия басып жүрісті!
Сегізінші күн болды:
Көп қалмақтың басына
Атпайтұғын түн болды;
Ер жігітке сын болды.
Қорамсақтан суырды
Қуалай тартып садақты - ай!
Келген қалмақ көп еді,
Көп те болса қалмақтан,
Алты күн айқай салғанда,
Азғантай қалды қадақтай!
Тоғызыншы күн болды:
Тарғын мойнынан алады
Атайын деп мылтықты.
Неше батыр болса да,
Түтінін қосты түтінге!
Ендікті - ай батыр, ендікті!
Садақ санын үзгендер
Сынған санын сүйретіп

Күсін тағдыр көрген соң,
Қашты сайға сылпылдап;
Тап он бір күн болғанда:
Ердің жүрген намыспен,
Күні-түні шабыспен,
Қиқу салған дыбыспен.
Ұмтыла шапқан
Тарланнан Мойынынан жал кетті,
Аяғынан әл кетті
Неше жүйрік болса да,
Бір тыным - ай болмады,
Болдыратын күн жетті.
Мойнын барлай қараса:
Өкпе, бауыры, жалы бар;
Аяғын барлай қараса:
Болар-болмас әлі бар.
Он екі күн болғанда
Болдырды дейді жануар:
Аруағы қашты кәпірдің,
Сұсы басты пақырдың.
Болдырған соң Тарланға

Қары келді батырдың,
Басты келіп тебіне,
Сонда Тарлан ұмтылса:
Әлде болса бедеудің
Үй жыққандай екпіні,
Жауды қоймас білемін,
Бұл батырдың сықылды,
Неғылып қойсын бұл жауды?
Ежелден жау құйылқы.
Бір уақыт болғанда:
Қарайды да күн батты,
Сарғайды да таң атты,
Қызара келіп күн шықты.
Күн шыққанда қараса:
Болған екен тамаша,
Қырылып жау батырдың
Өзі қапты оңаша.
Астына мінген Тарланның
Тұрпатына қараса:
От орнындай тұяқтан
Оймақтай-ақ, қалыпты.

Етектейін еріннен

Екі елісі қалыпты.

Қиғаш қамыс құлақтан

Бір тұтамы қалыпты.

Жалбыраған жалыны

Жалғыз қарыс қалыпты.

Тұла бойын қараса:

Он жеті жерден жаралы

Сонда да тәңірім алмайды,

Ол жараға болмайды,

Әлі де ойын салады,

Қос тізгінін созады,

Артынан қиқу таянса,

Ет арқасы қызады.

Қос текпіні салған соң,

Шаршады Тарлан десек те,

Жер басқаннан озады,

Отыру суынан болып,

Тұла бойы қан болып,

Жүрген жері шан болып,

Көргендерге таң болып,

Түске таман желеді.
Көңілін жауға бөледі,
Ханзада сондай қанына
Қара ноғай билеріне
Аман-есен келеді,
Бірін-бірі көреді,
Ханы, биі, мырзасы
Иіліп сәлем береді.

12

Ер Тарғын келген соң, Ханзада хан қуанышына ат шаптырып той қылып, арақ-шарап ішіп, тойдың қызығымен таңның атқанын, күннің батқанын халық білмеді. Олай да болса, хан қызын берем деген уәдесінде тұрмай, қызын бермейді.

«Тегінді сұрап келіп отырсам: қожа менен төреге ешбір атасқан жерің жоқ екен. Саған қызымды беруге аталарымның аруағынан қорқам. Енді он сан Орманбеттің ішін қыдыр. Қор, қандай сұлу қыз тапсаң, сол қызды алып берем»,— дейді Ханзада хан.

Сонда Ер Тарғын:

«Биылғы Бұлғыр таудың ішіне жалғыз тастап кеткеніңнің күнәсін кешіп едім. Енді бұл қызынды беремін деп, жауынды қашырып алып тұрып, қызынды бермесең де кетемін», — деді де, Ақжүністі алдына алды да Қырымға қарай жүре берді Ер Тарғын. Ханзада хан, ханның елі Ер Тарғыннан қатты қорықты:

«Бұл кетері кетті, қайтып келер... Бізді жаман қылар», — десті. Малың баға алмады, отын жаға алмады, асын іше алмады... Хан, халқы шыбын болды... Жұрт әбігер тартты.

Ханзада ханның елінде жасы жүзден асқан бір Сыпыра жырау деген қарт бар еді. Сыпыра жырау өз өмірінде тоғыз ханды өткерген, толғау толғап, тоғыз ханды түзеткен еді.

Жұрт сасқан соң, хан мен халқы жиылып Сыпыра жырауға барды да: «Біз Ер Тарғынды екі рет алдадық: әуелі Бұлғыр тауға тастап кетіп, қайтып келеміз деп, келмей кеттік, екінші қыз беремін деп, жауымызды қырдырып алып, қызды бермей қалдық. Ер Тарғын ашуланып, Қырымдағы қырық құрдасымды алып келіп, біздің елді шабам деп кетті; Қырымға барып мұнда қайтіп келер ме? Иә болмаса бізге өтірік айтып алдап, бізді қорқытып кетті ме? Соны болжап бізге айтшы, көпті көрген адам едің. Ер десең сенің ақылыңмен боламыз», — деп сұрады.

Сонда Сыпыра жырау сөйлейді,

Сөйлегенде бүй дейді:

«Хан мен төрем келіпсің,

Би мен мырза отырсың;

Бізге ақыл салсаңыз,

Тарғындайын батырға

Жиылып бәрің барыңыз!

Қараң түгіл ханыңыз!

Батырды еске алыңыз!

Етегіне бас салыңыз!

Егер кетсе еліне,

Тату болып қалыңыз!

Буырқанып боранса,

Мұздай темір құрсанса,

Жыртпай кетпес жағынды,
Жаңылтар келсе тобынды,
Шулатпай кетпес баланды;
Бір түбектей бір қылар
Жалпы жатқан даланды,
Қырым деген ағады,
Ағаң ісі жаман - ды».

Сонда хан қызын Ер Тарғынға бермек болды да: «Біздің ханның да, халықтың да өтірігі шықты. Бізде Тарғын тіліне нанатұғын бір кісі қалмады. Енді не қылып тоқтатамыз? Осы Еділден Тарғын тіліне нанатын бір кісі тауып бер», — деді.

Сонда Сыпыра жырау сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Батырдың жіберіңіз артынан
Қызметін қылған бөлініп.
Қара ноғай халқынан
Қасына ерген баяғы
Қарасайұлы Көбенді,
Алшағырұлы Тегенді,
Омарұлы Себенді.
Аруақты туған ерлердің
Уәдесі берген бар болар.

Қызметі саған қосшының
Тарлық жері тап келсе,
Тілегін бермей кетпен деген-ді».

Бұл үш кісі соңынан
Қуып Тарғынды кетті енді,
Қуып батырға жетті енді,
Етегін бас салды енді,
Ашуын тілеп алды енді,
Еліне қарай жүрді енді,
Ел ішіне кірді енді,
Хан, халқы жиылып,
Хан ордаға кірісіп,
Бірін-бірі көрді енді.

13

Ер Тарғын ханның, үйіне келген соң, хан мен халқы жиылып келіп отырды. Хан ұялып, ешбір сөз бастап айта алмады. Ер Тарғын сөзді бастамады.

Сонда Тарғынға қарап, Сыпыра жырау сөйледі:

«Әй, батырым, батырым!

Тауда тарлан ақырса,

Тас інінен бөріні.

Сұңқар шақырса,

Көгілдірін ерітіп
Көлден қулар ұша ма?
Әділ туған хандарды,
Қара берен батырға
Беремін деп бермеді,
Өтірік сөзден өлмеді.
Бұл сықылды хандарды,
Жалған сөзбен қысар ма?
Хан мен қара келген соң;
Сіз сықылды батырға
Ашуын бермей кету ұқсар ма?
Әй, батырым, батырым!
Сөз айтады алдында
Сыпыра жырау пақырын:
Ханы қалды жиылып
Айтып отыр біздерге,
Құлақ салып тыңдасаң,
Біз айталық сіздерге
Аруақты туған ел болсаң,
Не қыласың бір қызды?
Жас баладай жайтақтап,

Жас тайлақтай ойнақтап,
Шыға берме төрлерге!
Мынау тұрған ханыңыз,
Қимылдаған жаныңыз
Сый қылады алыңыз!
Қара лашын береді,
Көлден көлге жүзсеңші!
Қара арғымақ береді,
Елден елге мінсеңші!
Ақ патшаға жіберген
Балдағы алтын ақ берен,
Аш беліңе салсаңшы!
Бадана көзді кіреуке—
Мұны сізге береді
Баса келіп кесеңші!
Не қыласың бір қызды?
Бес жүз атан береді,
Артып соған көшсеңші!
Бес жүз бие береді,
Желіліп мұны байлашы!
Не қыласың бір қызды?

Өз алдына сұлтан боп,
Сүйген жерге жайлашы!
Неше батыр болсаң да
Алмаймысың бұл сыйды?
Мыйың болса басында,
Осыны бір ойлашы!»

Ер Тарғын райынан қайтып, ханы, халқы берген сыйын алып, қара ноғайдың ханымен, халқымен татуласты, табысты да:

Жан арыстан, Үш Тарғын деген тауға барып жайлады, осы жерді мысыр етті. Ер Тарғын осы жердегі елге хан болды. Тарғын қартайып тұғырдан түсті: ажал келіп дүниеден өтті.

Ақжүністен Ардабай деген ұл туды; үлкені Әжіргерей мырза. Әжіргерей жиырма жасында дүниеден өтті.

Жеті жасар Айқожа деген кенже баласы қалды. Айқожа бес қалада хан болды.

«Ер Тарғын» — «Қара қыпшақ Қобыланды», «Ер Сайын», «Манас» қатарлы қазақ-қырғыз жырының бірі.

Бұл жырды В. В. Радлов жазып алған. Мен қара сөзбен жазғанын қысқартып, өлеңмен жазған жерлерін өңдедім.

Ер Тарғынның барған елі қырық сан Қырым, төбелескені торғауыт пен қалмақ. Қырымның елінде жүріп Ер Тарғын торғауытты алады, ноғайлының елінде жүріп қалмақты шабады, қырады.

1438 жылы Қырым Алтын Ордадан бөлініп өз алдына хандық болған. Қырымның бірінші ханы Қажыгерей (1437 — 1466) хан болды. 1783 жылы Қырымды орыс алып, хандық жоғалды. 1437 — 1783 жылдардың арасында Қырымда 35 хан болған.

Бұлардың ішінде Ер Тарғын қашып барған Ақша хан жоқ.

Қырым Алтын Орданың қысымы болып тұрғанда ноғай Алтын Ордада барып Қырымды билеген. Ноғай, Мамай, Едіге, Жобан тарих белгілеген Алтын Орданың билері.

Ноғай өзі Алтын Орданың ханы Толы Бұғы ханды өлтірген. Тоқта хан Ноғайды өлтірген. Алтын Ордамен алысып Ноғайдың аты шыққан.

Ноғайлы деген ел осы Ноғайдың елі. Ноғайлы елінің жайы Дон, Қобан, Еділ, Жайық. Осы өзендердің аяғында атысып - шабысып, көшіп жүрген.

Еділдің аяғында тұратын, осы күні тұрған қалмақпен Ноғайлы елі еріксіз көрші болған.

Ақша ханға еріп жүріп, Ер Тарғын алған торғауыт қалмақ болады.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген қырғыннан кейін Абылай ханның заманында Торғауыт алашты қақ жарып Еділдің аяғынан күншығысқа оз жеріне Зұңғарға қайтқан. Жолда босып бара жатқан қалмақты, торғауытты қазақ шауып, талап, қырып отырған. Жайықтан Ертіске дейін шашылып жатқан «Қалмаққырған», «Шүршітқырған» деген таулар сонда майдан болған жерлер.

Шаған өзені Теке (Орал қаласы) тұрған жерде Жайық құяды. Шағанның басы Орал тауының Еділге қарай шөгіп, бел болып бытыраған, «Сырт» деген, етегінен шығады. Сырттың сайында, төбесінің бетінде қора-қора ел мен ағаш осы күнде де бар.

Ер Тарғын басына шығып қарауыл қараған емен осы Сырттың емені.

Біздің Бөкейлікте Тарғын қысымы деген аймақ бар. Бұлардың жерінде Үш Тарғын деген жерлер бар. Бұл жерлер сырттан келген далалар.

Самара мен Бөкейлік губернияларының шегі Тарғын деген өзен. Бұл өзенді орыс «Тұрғын», қазақ «Тарғын» дейді. Тарғын өзенінің күн батысында Жанарыстан өзені, орыс «Еруслан» дейді, Еділ құяды. Астрахань теміржолының бойындағы Кырасінжі Құт осы Жанарыстан бойында болады.

Тарғын өзенінің сол жағында сәуенке деген мұжық қаласынан бір шақырым жерде далада үлкен жер оба бар. Осы жерді жайлап жүрген қазақ мұны Тарғынның обасы дейді.

Ер Тарғын «Жанарыстан, Үш Тарғын деген тауға барып жайлады. Осы жерді мысыр етті» дейді жыр.

Бұлай болғанда Тарғынның мысыр еткен жері біздің Бөкейлік. «Ер Тарғынның» жырын шығарған ақын Бөкейліктен. Тарғын сияқтыны өзі алып қоятын біздің жыршылардың әдеті; «Қозы Көрпеш — Баянды» Лепсі уезінде найман өзінікі қылып алып қойған Найман жырлап жүрген «Қозы Көрпеш — Баяндағы» жерлер, өзендер бәрі Найманның жері, жайы.

Жырлар Тарғынды қырғыз дейді. Ер Тарғын ноғайлының елін, ханын қорқытқанда Қырымда қырық құрдасым бар деп, келеді.

Ер Тарғынның қырғыздағы жырдағы «Аршын», «Сағат» сияқты жұқпалы бос сөз.

Қара Тоқа Мұрат ақын Еділ — Жайықты ноғайлының жері деп жырлап келіп «Көліктің ұлы Қартқожақ, Естерек ұлы Тарғынның» тарыққанда ақыл сұраған жері.

Ер Тарғын Қырымда болсын, Еділ — Жайықта болсын, ноғайлы елінің тумасы. Өнер қылған елі Ноғайлы, жүрген жері: Қырым, Еділ, Жайық.

Алтынбел ханның ханымы қыз тапты: қызды көріп күн тұтылды, қызға түсіп ай тұтылды. Қызға қарап ханым талып қалды.

Хан естіп дамға көрсетпей, жер астына сақтап, асырандар деп жарлық қылды. Ханым бір кемпірді алғызып, асыра деп қызды берді. Кемпір қызды алып, темір қараңғы үйге апарып асырады.

Қыз бой жетті, бір күні қыз кемпірден қайда барасың, күнде кетесің, қайтасың деп сұрады.

«Дүние бар, сенің әке-шешең бар, мен соларға барып қайтам» деп кемпір жауап берді.

Қыз жалынып кемпірден тіледі: «Маған дүниені көрсет, мен ешкімге

айтпайын» деді.

Қыз далаға шығып еді, қызға тәңірдің көзі түсті. Қыз талып қалды: екі қабат болды. Қыз күні жеткен сайын жуандай бастады. Мұны кемпір кәрді. Кемпір састы; ханымға барып айтты: - Қыз ер көрмей, Тәңірдің нұры түсіп екі қабат болды.

Ханым ханға барып айтып еді, хан қызды өлтіріп таста деп жарлық берді. Хан өз қызын өзі өлтірді деген жаман ат болады деді ханым. Олай болса, не қылсаң соны қыл, бірақ, менің үйімнен қыздың көзін жоғалт деді. Ханым қызын өлтіре алмады: қызды алтын сандыққа салып, қақпағын жауып, кілтті сандыққа іліп, суға салып қоя берді.

Домдағұл соқыр мен Тоқтағұл мерген анда жүріп, теңізде жүзіп келе жатқан алтын сандықты көрді. Екеуі олжаны болды: Домдағұл сыртын, Тоқтағұл ішін алмақ болды.

Садақтың оғына жібек шыжым тағып Тоқтағұл атып еді: оқ алтын сандыққа барып қадалды. Шыжым мен сандықты судың сағасына тартып алып, ашып еді: ішінен айдай сұлу қыз шықты. Ерлер көріп талып қалды. Қызды Тоқтағұл мерген алды. Қыздан Шыңғыс туды.

«Бұл қазақтың ертегісі. Мұны қазақ буряттан алса керек»,— дейді Г. Н. Потанин.

Ер Тарғынмен жекпе-жекке шыққан қалмақ Домбауылдан маңғұл Домбауылдың есі шығып тұр. Шоқан Домбауыл деген қалмақтың ханы дейді.

Ноғайлының ханы Тарғынға қосып берген үш батырдың бірі Қарасайұлы Көбен.

Шоқан да Оралықұлы Қарасай бұл Қарасай да Домбауыл сияқты ертегіден көшкен, «Орақ батырдың» жырынан «Ер Тарғын» жырына көшкен - ау деймін.

Қыр баласы 15/ V 23 жыл

Table of Contents

[ЕР ТАҒЫН](#)